

**Абдырова Ардақ Оразгалиевнаның 6D020500 – «Филология
(қазақша)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми
дәрежесін алу үшін «Қ.П.Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектері»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
АҢДАТПА**

Зерттеудің өзектілігі. Зерттеу қазақ әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосқан белгілі әдебиеттанушы-ғалым, жазушы Қуандық Пазылұлы Жүсіптің шығармашылық жолын, әдеби-сын, ғылыми еңбектерін жан-жақты қарастыруға арналды. Диссертацияда Қ.Жүсіптің әдебиетші-ғалым, жазушы, драматург ретінде қалыптасуы, сол жолдағы ізденістері, тақырыптық-идеялық, стильдік-тілдік, жанрлық ерекшеліктері әдебиет теориясы негізінде сараланды. Қ. Жүсіп мұрасы жекелеген ғылыми мақалаларды есептемегенде толық ғылыми саралаудан өткен жоқ. Сондықтан қазақ әдебиеті, әдебиеттану, әдістеме саласында еңбек еткен ғалымның іргелі еңбектері оның шығармашылығы жан-жақты талдауды, толық ғылыми саралауды, жіті зерттеуді қажет етеді.

Бүгінгі таңда халқымыздың рухани-мәдени қазынасы болып табылатын сөз өнерін зерттеудің ауқымы кеңейді. Қазақ әдебиетінің тарихы ұлттық мүдде тұрғысынан қарқынды зерттеле бастаған таңда рухани құндылықтарымызға жауапкершілікпен қарап, жекелеген тұлғалардың қызметі мен шығармашылық мұраларын талдау, зерттеу жүргізіп, тиісті бағасын беріп, ғылыми айналымға енгізу міндеті жаңа маңызға, жаңа сапаға көтерілді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихын зерделеп-зерттеу бүгінгі күннің басты міндеті болып қана қоймай, өткенімізге үңілуге, бүгінімізді саралап, болашағымызға бағыт-бағдар жасауымыз үшін қажет. Бұл міндеттің қазіргі тәуелсіздік жағдайында өмір сүріп, әлемге танымал болып бастаған еліміз үшін де маңызы ерекше.

Қуандық Пазылұлы Жүсіп – әдебиеттану ғылымының дамуына үлес қосқан әдебиеттанушы ғалым. Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелеріне үн қосып, қазақ поэзиясының құрылым, жанр, көркемдік өзгешіліктерін арнайы монографиялық зерттеулеріне арқау еткен көрнекті ғалым, қазақ прозасының сипатын көркемдік негізде танытып, өзіндік өрнегін салған суреткер, сөз зергері, сан салалы қоғамдық қызметін ғылыми зерттеу бағыттарымен ұштастыра отырып, тынбай сүбелі еңбек жасаған зерттеуші. Қ.Жүсіп шығармашылығы көпқырлылығымен ерекшеленеді. Қ.П.Жүсіп – ғалым, жазушы, драматург, сыншы, ұстаз.

Ғалым Қуандық Пазылұлы Жүсіп – өзінің әдеби туындылары арқылы сөз құдіреті мен көркемдік шеберлігін анық та айқын таныта алған жазушы-драматург, оқырман көңілінде өшпестей өз бейнесін қалдырған қаламгер. Әрбір қаламгердің ерекшелігі, өзіндік даралығы әдеби шығармасынан айқындалады. Қазақ әдебиетінің алтын қорынан орын алған роман-повестері, пьесалары сөз өнерінде ешкімге ұқсамайтын стилі, мәнері мен машығы өзіндік қолтаңбасы айқын көрінеді.

Қ. Жүсіп қазақ әдебиеті тарихынан белгілі тұлғалар мен қаламгерлердің шығармаларын жүйелі зерттеулер нысанына айналдырды. Ғалым қазақ әдебиетінің бел ортасында жүріп, әр уақыт өз ойын қосып, ғылыми негізде тұжырым-байламдар жасады. Ғалымның қазақ әдебиетін оқытудағы түрлі әдіс-тәсілдері бүгін де әдебиетші-ұстаздар қауымына кеңінен танымал.

Қазақ еліне даналығымен әйгілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұраларын кейінгі ұрпаққа жеткізуде жылдар бойы тер төккен ғалымның еңбегі ерен.

Қ. Жүсіп туралы мерзімді баспасөзде еңбектерінің аракідік талданғаны болмаса, арнайы ғылыми негізде кешенді түрде зерттелген емес. Ғалым қаламынан туындаған еңбектері бүгін де түбегейлі зерттеуді қажет етеді. Осы мәселені шешу мақсатында тақырып атауын **«Қ.П.Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектері»** деп алуға толық негіз бар.

Ғалым Қ.П.Жүсіптің әдеби мұрасын толықтай зерттеу, ғалым шығармашылығының қазіргі руханияттағы орнын анықтау зерттеудің өзектілігін дәлелдейді.

Зерттеу нысаны: Зерттеу еңбегінің негізгі нысаны ретінде Қуандық Пазылұлы Жүсіптің «Өлең сөздің патшасы» (1991), «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» (1999, 2007), «Мектепте әдебиетті оқыту» (1998), «Сөз күдіреті» (2013), «Көркем сөздің қуаты» (2000), «Қазақ әдебиетін мектепте оқыту» (2003), «Бір әйелдің өмірі» (1975), «Армандастар» (1979), «Ұл мен қыз» (1980), «Қыздар, жігіттер» (1981) атты роман-повестері мен пьесалары, ғылыми еңбектері мен мерзімді басылымдардағы әдеби-сын, зерттеу мақалалары алынды.

Зерттеу пәні: Қ. Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми зерттеу саласындағы шығармашылық мұрасы нақтылы мәнде зерттеу пәні ретінде алынды.

Зерттеудің мақсаты: Қуандық Пазылұлы Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектерін зерттеу негізінде ғалымның әдеби мұрасына лайықты баға беріп, қазақ әдебиетіндегі өзіндік орнын айқындау мен шығармашылық мұрасын ғылыми айналымға енгізу зерттеу жұмысының басты мақсаты болып табылады.

Осы мақсаттарға келесі **зерттеудің міндеттері** байланысты:

- Қ. Жүсіптің шығармашылық ғұмырнамасы мен әдеби мұрасын ғылыми тұрғыдан жүйелеп, зерттеу нысаны ретінде қарастыру;
- проза және драма саласындағы көркем туындыларын тақырыптық, жанрлық, көркемдік тұрғыдан жүйелеп, жазушының шеберлік қырын ашу;
- ғалымның қазақ әдебиетін зерттеудегі әдіснамалық ерекшеліктері мен әдеби-теориялық тұжырымдарының ғылыми маңызын анықтау;
- әдеби-сын мақалаларында көтерілген мәселелердің өміршеңдігі мен ұлттық құндылық ретіндегі маңызын бағамдау;
- қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі саласындағы еңбектерінің маңызын айқындау;
- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының мәнін анықтау және ақын мұрасын жариялауда, текстологиясын жасаудағы еңбегін саралап, Мәшһүртану ғылымының дамуына қосқан үлесін негіздеу.

Зерттеудің жетекші идеясы. Ғалым Қ.П.Жүсіптің қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік туралы тұжырымдары, прозалық, драмалық шығармаларының тақырыптық-идеялық, жанрлық ерекшеліктері, әдеби-сын пікірлері, Мәшһүр Жүсіп мұрасы, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі туралы зерттеулері қазақ гуманитарлық ғылымының өркендеп дамуына үлес қосты.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі:

Диссертациялық жұмыстың теориялық және методологиялық негізі ретінде әдебиеттану ғылымының жетістіктері саналатын іргелі зерттеулер басшылыққа алынды. Атап айтсақ, қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиет теориясы мен әдеби-сын саласындағы еңбектер, монографиялар зерттеудің негізгі теориялық әрі әдіснамалық тірегі болды. А. Байтұрсынов, З. Ахметов, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, Р. Нұрғали, С. Қасқабасов, Б.Майтанов, Т. Кәкішев, М. Мырзахметов, А. Еспенбетов, Т. Ибрагимов, М. Сәрсек, Д. Хамзабек сынды көрнекті ғалымдар мен әдебиеттанушылардың еңбектері жұмысқа теориялық және әдіснамалық негіз ретінде қолданылды.

Зерттеу көздері. Диссертацияда Қ. Жүсіптің әр жылдарда жарық көрген кітаптары, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары, ғалым шығармашылығына қатысты материалдар басшылыққа алынды.

Зерттеу нысанына алынған тақырыптың мәнін ашуда қолданылатын **зерттеу әдістерінің** мәні зор. Көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді шешу барысында тарихи-салыстырмалы сипаттау, тарихи-функционалды талдау және жүйелеу, жинақтау әдіс-тәсілдері пайдаланылды.

Зерттеу базасы. Торайғыров университеті (Павлодар қ.), ҚР Ұлттық кітапханасының диссертациялық залы (Алматы қ.), М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (Алматы қ.).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

Қуандық Пазылұлы Жүсіптің шығармашылығы, ғылыми мұрасы туралы жекелеген мақалалар жарық көргенімен, ғалым еңбегі тереңірек ғылыми тұрғыда талданып арнайы зерттеуге нысан болмаған. Бұл өз кезегінде тың тақырып ретінде зерттеудің ғылыми жаңалығын негіздейді.

- Қ. Жүсіптің өмірі мен шығармашылығы, сан-салалы әдеби мұрасы жүйеленіп, алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді және бүгінгі көзқарас тұрғысынан бағаланып, ғылыми-танымдық деңгейде ұсынылды.

- Драма және прозалық жанрдағы көркем шығармаларына жасалған әдеби талдау негізінде ғалымның суреткерлік шеберлігі, даралық стилі, авторлық ұстанымы сараланды.

- Лирикадағы көркемдік әдіс (романтизм, реализм), стиль мен бейнелілік, лирика табиғаты туралы ғылыми зерттеулері әдебиеттану саласына қосқан үлесі ретінде тұжырымдалды.

- Әр жылдарда жарияланған әдеби-сын зерттеулері мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне қосқан үлесі анықталды.

- Қазақтың ойшыл ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларын жариялаудағы, текстологиясын жасаудағы еңбегі сараланып, Мәшһүртану ғылымының дамуына қосқан үлесі негізделді.

Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы.

Жұмыстың нәтижелері мен негізгі тұжырым-қорытындылары ғылыми пайымдаулары қазақ әдебиеті тарихына материал, жаңа зерттеулерге бағыт-бағдар ретінде қызмет етеді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы.

Зерттеу жұмысын жоғары оқу орындарында оқытылатын негізгі пәндер мен жалпы және арнаулы курс дәрістерінде пайдалануға болады. Бұл еңбекті жалпы орта білім беру мектептерінде қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімдері мен оқушылары қолдана алады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қуандық Пазылұлы Жүсіп – әдебиеттанудың өзекті мәселелеріне үн қосып, қазақ поэзиясының құрылым, жанр, көркемдік өзгешіліктерін арнайы монографиялық зерттеулеріне арқау еткен көрнекті ғалым, сөз зергері, сан салалы қоғамдық қызметін ғылыми зерттеу бағыттарымен ұштастыраған тұлға.

2. Қ. Жүсіп туындыларының тақырыптық-идеялық ерекшеліктері мен кейіпкер сомдаудағы суреткерлік шеберлігі қаламгердің шығармашылық-стильдік даралығын танытады. Бұл өз кезегінде жазушы шығармаларының әдеби ортада ерекше қабылдануына әсер етті.

3. Қ. Жүсіптің қазақ әдебиетінің даму үрдісіндегі орны ұлттық таным мен көркемдік әдістерді сабақтастыра зерттеуі мен теориялық тереңдігінен көрінеді. Ғалым көркем ойды неғұрлым әсерлі, пәрменді етіп жеткізу үшін, әдебиеттанудағы дерексіз ұғымдар, метафоралық тіркес, шарттылық және дерексізді заттандыру, жандандыру мәселелерін көтеріп, лирикада деталь, шынайы сурет, нақтылық, дәлдік болуы шарт екенін көрсетті. Бұл бағыттағы еңбектері отандық әдебиеттану ғылымының мазмұнын байытып, ұлттық болмыс пен көркемдік дүниетанымды тұтастықта қарастыратын жаңа методологиялық бағдардың қалыптасуына ықпал етті.

4. Қ.Жүсіптің әдеби-сын мақалаларында көтерілген мәселелер өзектілігін жоймайтын, ұлттық құндылықтарды бағалауға, әдеби-мәдени үрдістерді саралауға бағытталған өміршең пікірлер ретінде бағаланады. Ғалымның ғылыми зерттеу еңбектерінде, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған сыни көзқарастары қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңба, өшпес із қалдырғаны анық.

5. Әдіскер-ғалым ретінде де танылған Қ. Жүсіптің қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне қатысты зерттеулері бүгінде орта және жоғары білім беру жүйесінде қазақ әдебиеті мен шығарма тілін оқытудың теориялық-тәжірибелік негіздерін жетілдіруге ықпал етуде. Ғалымның әдістеме саласындағы еңбектері – қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытып, әдебиет өнерінің сырын ашуда маңызды.

6. Қ. Жүсіп – Мәшһүртануға қомақты үлес қосқан белгілі ғалым-филолог. Ғалымның Мәшһүртану ғылымының қалыптасуына қосқан үлесі ақын мұраларын жинақтап, жариялау мен ғылыми айналымға енгізуінен айқын көрінеді. Қ. Жүсіптің Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасын зерттеуіндегі

маңызды бағыты – мәтіндердегі араб және парсы сөздерін тану, түсіндіру және оларды қазіргі оқырманға жеткізу жолындағы еңбегі. Ғалым діни, тарихи және философиялық мазмұндағы терминдер мен ұғымдардың тілдік табиғатын ашып, олардың түпкі мағынасын нақтылап, аудармаға негізделген түсініктемелер берді. Бұл – Мәшһүр Жүсіп мұрасын қазіргі ғылыми айналымға енгізуде, әсіресе діни-танымдық мәтіндердің мазмұнын дұрыс пайымдауда шешуші рөл атқарады. Сондықтан Қуандық Жүсіпті тек жинаушы, жүйелеуші ғана емес, сонымен қатар аудармашы-ғалым ретінде де бағалауға толық негіз бар. Қ. Жүсіптің Мәшһүр Жүсіп шығармаларын текстологиялық тұрғыдан зерттеуі қазақ мәтінтану ғылымының дамуына негіз болып, дереккөздермен жұмыс істеу мәдениетін дамытты.

Тақырыптың зерттелу деңгейі: Ғалым Қуандық Пазылұлы Жүсіптің өмірі мен қалыптасу жолы, шығармашылығы, қазақ әдебиетінің дамуына сіңірген еңбегі, жазушылық шеберлігі, драматургия саласында жеткен жетістіктері, ұстаздық озық тәжірибесі, ғылыми тұрғыдан арнайы зерттелмеген. Біздің еңбегіміз осы орайда алғашқы зерттеулердің қатарына жатады.

Қ. Жүсіп тұлғасы мен шығармашылығы жайында мерейтойлары кезіндегі, мерзімді баспасөз беттеріндегі Р. Нұрғали, С. Қасқабасов, Б. Майтанов, А. Еспенбетов, Т. Ибрагимов, М. Сәрсек, Д. Хамзабек, Қ. Бітібаева, С. Елікбаев сынды зерттеуші ғалымдардың көптеген құнды пікірлері, мазмұнды естеліктері мен зерттеулерін айта кетуіміз орынды.

Ғалымның жарты ғасырға жуық жинақтаған, зерделеген ғылыми зерттеу нәтижелері филолог мамандар үшін маңызды болып танылады. Ғалым Қуандық Пазылұлы Жүсіптің әдебиеттануға қосқан ғылыми мәнді зерттеулері, қазақ прозасындағы құнды көркем туындылары, қазақ әдебиетін оқытудағы ізденіс нәтижесінен туындаған еңбектері ғылыми жұмысымызда негізгі бағыт болады.

Қ.П.Жүсіп шығармашылығын тиянақты талдаған зерттеу еңбектері жоқ. Ғалымның өмірі мен шығармашылығына қатысты мақалалар мерейтойлар қарсаңында жазылған естелік деңгейінде болды. Монографияларда ғалым зерттеулері сөз болғанымен нақты тоқталып, көлемді тұжырым жасалған жоқ. Диссертацияда ғалымның өмірі мен шығармашылығы, әдеби-сын, ғылыми еңбектері жүйелі түрде зерделенеді.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері бойынша 12 мақала, 1 оқу құралы жарық көрді. Оның ішінде ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда ғылыми мақалалар саны – 6; Scopus деректер базасында индекстелген халықаралық жоғары рейтингті журналға енгізілген ғылыми мақалалар саны – 2; жеке қатысуымен өткен (Ховд, Нөкіс, Павлодар) халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақтарында жарияланған мақалалар саны – 4; диссертациялық зерттеу материалдары бойынша Павлодар педагогикалық университетінің Ғылыми Кеңесі ұсынған 1 оқу құралы жарық көрді.

Диссертацияның құрылымы: Осы мақсатқа жету докторлық диссертацияның құрылымын анықтады: анықтамалар, кіріспе, негізгі үш бөлімнен, қорытынды және пайдаланылған дереккөздер тізімінде 131 атау көрсетілді.